


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО  
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРКАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /  
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета  
Хаттама / Протокол №10 «29 » 02 2024 ж. / г.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА**  
**6B01202 – «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог - психолог» / «Воспитатель дошкольного учреждения и  
педагог - психолог»**

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Педагогика және филология факультеті

6B01202 – Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Жандильдина Р.Е. – мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушы, магистр

Турсунбекова Г.И. – мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім беру бағдарламасының оқытушысы

Үйдрыс З. – мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог мамандығының 3 курс студенті

Қайырбекова С. – мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог мамандығының 3 курс студенті

Сарапшылар:

Булекбаева К.Ж. – «Раушан» бебекжайы КМҚҚ педагог-сарапшы

Білім беру бағдарламасы мәжілісінің отырысында ұсынылды

Хаттама 3 « 05 » 01 2024 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі

 Жандильдина Р.Е.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама 6 « 10 » 01 2024 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы




Калиев А.К.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама 6 « 07 » 02 2024 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

## **1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

**Бағдарлама циклы:** Бірінші цикл: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі

**Тағайындалатын дәреже:** Білім бакалавры

**Несиelerдің жалпы көлемі:** 240 академиялық несие / 240 ECTS

**Оқу мерзімі:** күндізгі оку түрі – 4 жыл орта білім негізінде, ТжКБ негізінде қашықтықтан оку түрі – 3 жыл, 2 жыл жоғары білім негізінде.

### **1.1 Жалпы ережелер**

6B01202-Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білім МЖМБС, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына, Ұлттық біліктілік шенберіне, Салалық біліктілік шенберіне, «Педагог» кәсіби стандартына, Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген.

Білім алушыларды білім бағдарламасына қабылдаудың талаптары Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен анықталған. Білім беру бағдарламасына түсетін үміткерлер Бірыңғай ұлттық тестілеуден (ҰБТ) өтеді. Білім беру бағдарламасына түскен соң студент қосымша тректория таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Білімін 7M01201-Мектепке дейінгі тәрбиелу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша магистратурада одан әрі жалғастыру мүмкіндігі бар.

**1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты:** тәрбиешінің негізгі еңбек функцияларынан басқа, психопрофилактикалық, психодиагностикалық, түзету және психоконсультациялық қызмет бойынша функцияларды жүзеге асыра алатын және қазіргі заманғы еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін педагог-психологтың құзыретіне ие мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісін даярлау.

### **1.3 Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- психикалық және психофизиологиялық дамудың жалпы және ерекше зандылықтарын пайдалануға қабілетті сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету;
- кәсіби қызметті ұйымдастыру дағдыларын менгерту;
- әлеуметтік-мәдени, тілдік (коммуникативтік), кәсіби білім беру бағдарламасының іргелі негіздері мен оқыту технологиялары саласында болашақ тәрбиешілер мен педагог-психологтардың құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды қабілеттерін дамыту, өзін-өзі жетілдіру мен психологиялық сауаттылық тәсілдерін игерту.

## **2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

### **2.1 Кәсіби қызмет саласы**

6B01202-Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім бағдарламасы бойынша бакалавры өзінің кәсібілік қызметін мектепке дейінгі білім беру саласында жүзеге асырады.

### **2.2 Кәсіби қызмет объектілері**

6B01202-Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім бакалаврының кәсіби қызметінің объектісі меншіктік бағыныштылық түрлеріне тәуелсіз мектепке дейінгі білім берудің барлық түрлері мен типін ұйымдастырудың педагогикалық үдеріс болып табылады.

### **2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы**

ҰБШ/СБШ 6.1 деңгейшесі мен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес 6B01202-мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің функциялары:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеушілік;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

### **3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

#### **3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері**

«Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог» ББ - ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

ОН1 - мектепке дейінгі ұйымдарда кәсіби және педагогикалық-психологиялық іс-әрекет түрлерін ғылыми-теориялық тұрғыда ұйымдастырады және академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін игереді; Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ұлттық саясаттың бағыттары туралы түсініктерін қалыптастырады;

ОН2 - "Физикалық", "Коммуникативтік", "Танымдық және зияткерлік", "Шығармашылық және зерттеу іс-әрекетін дамыту", "Әлеуметтік эмоционалды" дағдыларын дамыту бойынша ойын іс-әрекетті жоспарлайды, теориялық және әдістемелік пәндерден игерген білімі мен кәсіби дағдыларын тәжірибеде пайдаланады;

ОН3 - балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін жүйелі талдауға дағыланған және инклюзивті білім беру саласында кәсіби функцияларды жүзеге асырады;

ОН4 - мектепке дейінгі жастағы балалармен түзету жұмыстарын жүргізеді, мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуде балаларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады;

ОН5 - білім беру жүйесінің даму тенденцияларын біледі, Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құжаттармен жұмыс жасайды, кәсіпкерлік тұрғыда теориялық білімді игерген және өз кәсібіне тиімді пайдаланады;

ОН6 - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын, оқытудың интерактивті әдістерін белсенді қолданады;

ОН7 - тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескеріп, психология мен педагогиканың теориялық негізінде ата-аналармен ізгілік қарым-қатынас орнатады және оқу-тәрбие жұмысын жоспарлай алады;

ОН8 – қазіргі әлемдегі экологияның маңызын айқындайды, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі принциптерін сақтайды және жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі ойындарды қолданып, мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру тәсілдерін зерделейді;

ОН9 - тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуы негізінде психологиялық іс-әрекет түрлерін ұйымдастырады және кәсіби саладағы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізеді.

**4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**  
**4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы**

Модуль атауы	Несие саны	Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе)	Оқу нәтижелері
1. Қоғамдық пәндер модулі	56	Қазақстанның қазіргі заман тарихы Философия Қазақ (орыс) тілі Шет тілі Әлеуметтік-саяси білімдер модулі Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар Дене шынықтыру Экологиялық мәдениет Адал азamat құндылықтары Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	ОН4 ОН4 ОН8 ОН 1 ОН 5
2. Педагогтың кәсіби даярлығы модулі	22	Педагогикалық кәсіпке кіріспе Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы Педагогика Білім берудегі психология Мектепке дейінгі үйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Оқу-танысу тәжірибесі Психологиялық-педагогикалық тәжірибе	ОН 1 ОН 7 ОН 1,ОН 5,ОН 9 ОН 7,ОН8 ОН 5,ОН7,ОН 9 ОН 1 ОН 1,ОН 7,ОН 9
3. Фундаментальды даярлық модулі	45	Балалар психологиясы Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика Психологиялық коррекция және кеңес беру негіздері Мектепке дейінгі білім беру менеджменті Мектепке дейінгі үйымдағы психологиялық қызмет жұмысын үйымдастыру әдістемесі Ойын технологиясы	ОН3,ОН7 ОН8 ОН 1,ОН 5,ОН 9 ОН 3,ОН4,ОН7 ОН 5,ОН9 ОН4,ОН9 ОН 8

		Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі	ОН 2, ОН 6
		Қызықты математика	ОН2,ОН6
		Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру	ОН 2, ОН 3, ОН 6
		Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару	ОН 2, ОН 3, ОН 6
		Оқу тәжірибе (сәби шақ тобындағы)	ОН 1,ОН7
<b>4. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі</b>	<b>47</b>	Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру	ОН 3
		Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі	ОН2, ОН6
		Заманауи білім беру технологиялары	ОН6
		Мектепке дейінгі тәрбиешісінің педагогикалық шеберлігі	ОН7, ОН9
		Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар	ОН 6
		Педагогикалық тәжірибе	ОН2, ОН 6, ОН7
		Өндірістік тәжірибе	ОН2, ОН 6,ОН7
<b>5. Әдістемелік даярлық модулі</b>	<b>49</b>	Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі	ОН 2, ОН 8
		Экологиялық тәрбие беру әдістемесі	ОН 2, ОН 8
		Сауат ашу әдістемесі	ОН 2,ОН 6
		Қазақ (орыс) тілін оқыту әдістемесі	ОН 2,ОН 6
		Арт-терапия практикумы	ОН 3,ОН4, ОН7.ОН9
		Ертеңі терапиясы	ОН 3,ОН4, ОН7.ОН9
		Ерте жас педагогикасы	ОН3, ОН7
		Пренатальды педагогика	ОН3, ОН7
		Педагог-психологтың ата-анамен жұмысы	ОН 3,ОН4, ОН7.
		"Педагог-психологтың дарынды балалармен жұмысы	ОН 3,ОН4, ОН7.
		Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшаға бейімдеу әдістемесі	ОН 4
		Баланы мектепке бейімдеу әдістемесі	ОН 4
		Педагог-психологтың этикасы мен кәсіптік шеберлігі	ОН 1,ОН5, ОН6.ОН9
		Білім беру үрдісіндегі педагог-психологтың әрекеті	ОН 1,ОН5, ОН6.ОН9
		Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы органды ұйымдастыру әдістемесі	ОН 6
		Мектепке дейінгі ерте жаста пәндік-дамытушы орта құру әдістемесі	ОН 6
		Педагогикалық-психологиялық диагностика	ОН3,ОН 4,ОН 9
		Балаларды диагностикалау әдістері	ОН3,ОН 4,ОН 9

<b>6. Ғылыми дағдыларды калыптастыру модулі</b>	<b>13</b>	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	ОН 1, ОН9
		Балабақшадағы STEAM технологиясы	ОН 1, ОН6, ОН9
		Мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименттік жұмысқа баулу әдістемесі	ОН 1, ОН6, ОН9
		Дипломалды тәжірибе	ОН2, ОН7, ОН 9
<b>7. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау модулі</b>	<b>8</b>	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	ОН2, ОН6, ОН 7

**4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы**  
**«6B01202 - Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог»**

№	Пән атаулары	Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөз)	Кредит саны	Семестр	Пререквизиты	Постреквизиты
Жалпы білім беру пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Экологиялық мәдениет	Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы коршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сынни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін менгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады.	5	4	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	Коршаған ортамен таныстыру әдістемесі
	Адал азамат құндылықтары	Студенттердің бойында жалпы адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды және сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті жүйелі білім арқылы менгереді. Рухани-адамгершілік , азаматтық-патриоттық құқықтық мәдениетке тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адал азаматтық-этикалық аспектілері талданады.				
	Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық	Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер онтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі				

		ұғымдары мен білімдерін менгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық күбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді.				
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті						
1	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Бұл курс білім алушыға адамзат тарихында педагогикалық кәсіптің пайда болуы мен қалыптасуы жайлы мағлұмат алуына, педагог мамандығының гуманистік сипатын ұғынуға, қоғамдағы маңызы мен кәсіби қасиеттері жайлы білімді игеруіне мүмкіндік береді. Аталған курстан білім алушылар тәрбиешінің қарым-қатынас жасау мәдениетін, өз білімін жетілдіру, шығармашылық іс-әрекетін үйымдастыра білу дағыларын менгереді.	3	1	-	Педагогика Педагогикалық шеберлік
2	Педагогика	Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің занылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеңістік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады	5	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Педагогикалық шеберлік
3	Білім берудегі психология	Курс білім беру қызметінің психологиясы саласында теориялық білімдерді қалыптастыруға және практикалық біліктерді игеруге бағытталған. Пән мектепке дейінгі және мектеп жасындағы білім алушылардың ойын және оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық қызметін ашады. Осы курс аясында мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде оқу кезеңінде әр түрлі жас кезеңдерінде	3	3	Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы Балалар психологиясы	Педагогикалық - психологиялық тәжірибе

		баланың дамуының занылыштары мен психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылады.				
5	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жүмысының теориясы мен әдістемесі	Білім алушы тәрбиенің мәнін, оның тұтас педагогикалық үрдістегі орнын жоспарлай алады; отандық және шетелдік педагогиканың тәрбие теорияларын талдай білуді; тұтастай педагогикалық үрдістегі тәрбиенің занылыштарын, ұстанымдары мен әдістерін, тәрбие құралдарын ұтымды қолдана алады; мектеп жасына дейінгі балалармен, олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау формалары мен әдістемесін жүзеге асыруды менгереді.	4	5	Педагогика Мектепке дейінгі педагогика	Педагогикалық шеберлік
6	Мектепке жасына дейінгі балалардың физиологиясы	Бұл курста студенттер балалардың даму мен өсуінің жалпы занылыштарын сипаттай алады; жүйке жүйесінің физиологиялық ерекшеліктерін ғылыми-теориялық түрғыда ажыратады; мектепке дейінгі балалардың даму деңгейлерінің көрсеткіштерін бағалай білуді; балалардың қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілдерін шығармашылықпен қолдана білуді менгереді.	3	2	Балалар психологиясы	Мектепке дейінгі педагогика
7	Оқу-танысу тәжірибесі	Студент мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби қызметімен танысады. Мектепке дейінгі ұйымның құжаттарымен, нормативтік актілерімен және мекеменің қызмет регламент белгілейтін нұсқауларымен, менгерушінің кәсіби қызметімен танысып, тәрбиеші жүргізетін іс-құжаттардың мазмұнын талдайды. Балабақшаның, әр түрлі жас топтарының күн тәртібінің ұйымдастырылуына бақылау жасайды.	2	2	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жүмысының теориясы мен әдістемесі
8	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Білім алушы мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғалық психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістәсілдерін игереді. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби психологиялық- педагогикалық ерекшеліктеріне бақылау жасайды. Тәрбиешінің іс-әрекетін бақылап, күнделікті талдау жүргізеді. Әрбір режимдік сәтті тиімді пайдалануды жоспарлайды. Топта қызықты сәттерді ұйымдастыру жұмыстарын атқара алу дағдысын менгереді.	2	4	Педагогикалық кәсіпке кіріспе Педагогика	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жүмысының теориясы мен әдістемесі Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшага бейімдеу әдістемесі

9	Балалар психологиясы	Бұл курстан білім алушы балалардың дамуы мен өсуінің жалпы заңдылықтарын сипаттай білуді; балалар психикасының онтогенездік даму ерекшеліктерін анықтай алады; туғаннан 6 жасқа дейінгі баланың даму заңдылықтарын менгеріп, мемлекеттік стандарт талаптарына сай жұмыс жасау формаларын жүзеге асыруды менгереді.	6	1	-	Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы
10	Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени дағдыларын қалыптастыру әдістемесі	Бұл курста білім алушы курстың теориялық және практикалық маңыздылығын, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру әдістері мен тәсілдерін менгереді, мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу қабілетін менгереді. Білім алушы: мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен өсуінің жалпы заңдылықтарын талдай білу; салауатты өмір салтына тәрбиелеу; мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастырады.	5	2	Балалар психологиясы	Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру
11	Мектепке дейінгі педагогика	Білім алушылар мектепке дейінгі педагогика пәнінің мақсаты-міндеттері, әдістері, басқа ғылымдармен байланысын ажыратада білуді; мектепке дейінгі оқыту білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз ететін күжаттарды талдауды; балаларды жасерекшеліктеріне қарай тәрбие түрлерін ажыратада алады, отбасы тәрбиесі және мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабактастық бағыттарын жүзеге асыру тәсілдерін сараптауға дағдыланады.	5	3	Балалар психологиясы Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиясы	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
12	Психологиялық коррекция және кенес беру негіздері	Студенттер психологиялық коррекция психологияның іс-әрекеті саласы ретіндегі ерекшелігін ажыратада алады; практикалық коррекция әдістері, коррекциялық топ түрлеріне сипаттама жасай білуді; психологиялық кенес беруді ұйымдастыра алу дағдыларын менгеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық процестер коррекциясын, тұлғалық даму коррекциясын, отбасымен психокоррекциялық жұмыс негіздері және кенес беру	5	3	Балалар психологиясы	Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру әдістемесі

		әдістемесін практикалық іс-әрекет түрғысында көрсете алу дағдысына машиқтанады.				
13	Ойын технологиясы	Курста мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті – ойынның мәні ұғындырылады. Балалар ойынының түрлерін, психо-педагогикалық ерекшелігін, педагогикалық мәніне сай жіктеуді пайымдайды. Ойын теориясы негізінде мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетін ұйымдастыра алушы, жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын түрлерін қолдануды менгереді.	6	4	Мектепке дейінгі педагогика	Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
14	Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	Білім алушы мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызметтің негізгі мәселелерін ғылыми-теориялық түрғыда талдауға; мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру әдістемесін практикалық іс-әрекет түрғысында көрсете алуға; балалардың психикалық даму ерекшеліктерін ғылыми-педагогикалық, әдістемелік түрғыдан негіздей білуге; мектепке дейінгі ұйымдағы психологтың кәсіби жұмысын сараптауға, отбасымен, ұжыммен атқарған қызметіне кәсіби рефлексия жасай алушы менгереді.	6	4	Психологиялық коррекция және кеңес беру негіздері	Педагог-психологтың ата-анамен жұмысы
15	Мектепке дейінгі білім беру менеджменті	Бұл курста мектепке дейінгі ұйымды басқарудың ғылыми негіздерін менгеріп, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, білім саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мазмұнын талдай жасауға; мектепке дейінгі ұйымында іс-қағаздар жүргізуін тәсілдерін саралай алуға; кәсіби даму міндеттерін жоспарлап, мектепке дейінгі мекеме жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асыру жолдарын менгереді.	5	4	Педагогика Мектепке дейінгі педагогика	Педагогикалық шеберлік
16	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	Білім алушы ғылыми - зерттеу жұмыстарының, академиялық жазудың негізгі қағидаларын сипаттай алушы; баяндама мен ғылыми мақаланың ерекшелігін анықтай алушы; нақты тұжырымдарды қолдана білуді; ғылыми - зерттеу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдерді сини талдай алушы; ғылыми мақаланың басқа ғылыми жұмыстардан өзгешелігін салыстыра білуді менгереді.	5	5	Педагогика Педагогикалық психология	Балабақшадағы STEM технологиясы

17	Оқу тәжірибе (сәби шақ тобындағы)	Бұл тәжірибeden сәбілік шақ топтарындағы оқу практикасының мазмұнын, маңыздылығын түсіне білуге; тәрбиешілер мен балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып, олармен қарым-қатынас жасау формаларын анықтауды; сәбілік шақ топтарындағы оқу іс-әрекетінің ерекшеліктерін ажыратада алууды; жекелеген тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізе білу дағдысын менгереді.	2	3	Педагогикалық кәсіпке кіріспе	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе
Базалық пәндер циклі Тандау компоненті						
1	Мектепке дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі	Бұл курстан балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру әдістемесі пәннің теориялық негіздері жайлы мағлұмат алады. Сан, жиын, шама ұғымдарына талдау жасай алуға мүмкіндік береді. Балаларға геометриялық пішіндерді танып, ататуға үйретудің әдістемесін менгереді. Уақытты бағдарлау, көністікте бағдарлау және өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету жолдарын жүзеге асырады.	5	5	Мектепке дейінгі педагогика Ойын технологиясы	Педагогикалық шеберлік Заманауи білім беру технологиялары
	Қызықты математика	Бұл курс білім алушыға балалардың логико-математикалық дамуын жетілдірудің теориялық және әдістемелік негіздерін менгерту мақсатын көздейді. Балалардың бейнелі және логикалық ойлауын дамытуда қолданылатын әдістерді ажыратада алууды; математикаға қызығушылықтарын дамытуға арналған тапсырмаларды сараптай білуді; оқытуда қолданылатын тәсілдер мен күралдарды сараптап пайдалануды менгереді.			Мектепке дейінгі педагогика Ойын технологиясы	Педагогикалық шеберлік Заманауи білім беру технологиялары
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-таным әрекетін үйимдастыру	Оқу-таным әрекеті және мектепке дейінгі үйымда үйимдастыру мәселелері. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту. Балаларды оқыту ұстанымдары. Балабақшадағы дидактика. Балабақшадағы оқытудың психологиялық негіздері. Балабақшада оқытудың педагогикалық мәні. Ересек топ балаларының танымдық белсенділігін дамыту.	5	5	Мектепке дейінгі үйимдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика	Педагогикалық шеберлік

	Мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыру және басқару	Білім беру жүйесін басқарудың теориялық негіздері. Мектепке идейінгі ұйымды басқарудың ғылыми негіздері. Басқару іс әрекетінің мазмұны. Мектепке дейінгі ұйымның нормативтік құқықтық іс құжаттары. Жобалау ұфымына ғылыми тұрғыда сипаттама беру. Жобалау іс-әрекетінің мақсаты, міндеттерімен таныстыру. Жобалау іс-әрекетіне даярлығын ұйымдастыру ерекшеліктері.			Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі Мектепке дейінгі педагогика	Педагогикалық шеберлік
3	Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі	Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі пәннің мақсаты, міндеттерімен танысады. Пәнді оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді қолдану жолдарын менгереді. Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі пәннің педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі маңызын айқындаиды. Табиғаттың адам өміріндегі орны мен мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстырудың тәрбиелік және білімділік міндеттерін маңызын менгертуге бағытталған пән болып табылады.	5	5	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Педагогикалық шеберлік Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар
	Экологиялық тәрбие беру әдістемесі	Курста мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің теориялық және практикалық негіздерін менгеріп, қоршаған ортаның экологиялық мәселелерін сыни тұрғыда талдай білуді менгереді. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің мазмұнын, мақсатын, принциптерін негізінде экологиялық сана, мәдениет ұйымдарын сипаттау дағдыларына ие болады.			Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Педагогикалық шеберлік Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар
4	Саят ашу әдістемесі	Бұл курс студенттерге сауат ашу пәннің теориялық және әдістемелік негіздерін менгерту мақсатын көздейді. Балалардың "сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруды тиімді тәсілдерді пайдалануды; дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдап, жазу үдерістерін табысты менгертудің ережелерімен танысады. Сызбаларды, жиектерді салуға үйретудің әдістемесін менгереді.	5	6	Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі Қазак (орыс) тілі	Өндірістік тәжірибе
	Қазак (орыс) тілін оқыту әдістемесі	Бұл пән студенттерге Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды			Қазак (орыс) тілі Мектеп жасына дейінгі балалардың	Өндірістік тәжірибе

		игертуді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретудің тиімді тәсілдерін менгертуге бағытталған."Қатынас" білім беру саласы бойынша коммуникативтік білікттер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуін жетілдіруге, сөздік қорын байытуды табысты менгертудің әдістемесін менгереді.			тілін дамыту әдістемесі	
5	Арт-терапия практикумы	Бұл курстан білім алушылар арт-терапия, арт-терапияның шығу тарихы және оның әлеуметтік жұмыста қолданылуы туралы сипаттай білуді; мектепке дейінгі білім беру үйымдарында арттерапия әдістерін қолдану ерекшелігін әдістемелік түрғыда жүзеге асыруды; арт-терапия түрлері, тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тану тренингтерін үйымдастырып, жана тәсілдемелерді оку үдерісінде қолдана алу дағдыларын менгереді.	5	6	Психологиялық коррекция және кеңес беру негіздері	Балабақшадағы STEAM технологиясы
	Ертегі терапиясы	Бұл курстан білім алушы ертегі терапиясының адамзат өркениетіндегі практикалық психологияның ежелгі әдісі ретіндегі маңыздылығын саралауды, ертегі терапиясын сипаттап, ертегі формаларының алуан түрлілігі мен терапиялық диагностикасы және түзету принциптерін әдістемелік түрғыдан негіздел тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін менгереді. Ертегілердің бағыттары, ертегілермен жұмыс формалары мен арт-терапия бағыты бойынша жүргізілетін жұмыстарды жүзеге асырудың мүмкіндіктері қарастырылады.			Психологиялық коррекция және кеңес беру негіздері	Балабақшадағы STEAM технологиясы
6	Ерте жас педагогикасы	Білім алушы ерте жастағы балалар дамуының психофизиологиялық ерекшеліктерін сипаттай алушуды; мектепке дейінгі үйым және отбасы жағдайында ерте жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеудің заманауи бағыттарының маңызын анықтай алушуды; психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың түрлерін саралай білуді менгереді.	5	8	Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру	ҚА
	Пренатальды педагогика	Бұл курстан пренатальды кезендегі баланы тәрбиелеу мен дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін талдай білуді;пренатальды даму кезеңіндегі өзгерістерді			Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру	ҚА

		сипаттауды; психикалық дамудың шарттары, бастаулары және қозғаушы күштері ұғымдарын саралай алуды; нәрестелік және бөбектік кезендегі баланың анатомиялық және физиологиялық даму ерекшеліктерін талдап, бағалай білуді менгереді.				
7	Педагог-психологтың ата-анамен жұмысы	Бұл курс педагог-психологтың ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының мазмұны мен міндеттері, жұмыстың формалары мен әдістерін негізгі ерекшеліктері мен ұстанымдарын, оларды жүзеге асуру жолдарын қарастырады. Сонымен қатар мектепке дейінгі басқарманың жанұямен өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру технологиясына ғылыми-әдістемелік тұрғыда түсінік беріледі. Білім алушының педагог-психологтың баламен жүргізілетін жұмысының бейімдеушілік кезендері, қыындықтары мен жетістіктерін әдістемелік тұрғыдан негіздей білу және тәжірибеде қолдана алу мүмкіндіктері қалыптасады.	5	8	Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	ҚА
	Педагог-психологтың дарынды балалармен жұмысы	Бұл курста дарынды балалармен психологиялық педагогикалық жұмыстар ұйымдастыру негіздерін, дарынды балаларды айқындау және дамытудағы ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру жолдарын менгереді. Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту, оны қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау, дарындылықты дамытудың нормативтік құқықтық базасымен таныстыру, дарынды балалармен психологиялық педагогикалық жұмысты жан жақты талдау және шеше білу қабілеттерін машиқтандыру.			Мектепке дейінгі ұйымдағы психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру әдістемесі	ҚА
8	Мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшага бейімдеу әдістемесі	Бұл курс бойынша балалардың мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуінің педагогикалық-психологиялық шарттарын анықтайды. Мектеп жасына дейінгі балалар психикасының даму қағидаттарын талдап, жинақтай алуды; білім беру мен тәрбиелеудің инновациялық стратегияларын қолданып, балалардың жетістіктерін бағалай білуді; баланы балабақшага үретуде ата-аналармен ізгілік қарым-қатынас орната алу дағыларын менгереді.	5	8	Мектепке дейінгі педагогика	ҚА

	Баланы мектепке бейімдеу әдістемесі	Білім алушылар баланың мектепке психологиялық-педагогикалық тұрғыда бейімделуінің ғылыми-теориялық негіздерін игеріп, балалардың биологиялық, әлеуметтік бейімделуін жүзеге асыруда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана білуге дағдыланады. Балаларды мектеп өмірі мен тәрбие жағдайына бейімдеуде олардың қызығушылықтарын, талаптары мен білім алудағы қыншылықтарын ескере отырып жүзеге асырып, білім алушылар пәннің мазмұнына кәсіби рефлексия жасау дағдысын менгереді.			Мектепке дейінгі педагогика	ҚА
9	Педагог-психологтың этикасы мен кәсіптік шеберлігі	Білім алушы мектепке дейінгі ұйым педагог-психологы іс-әрекетінің мазмұнын, кәсіби іс-әрекетінің міндеттері мен түрлерін, негізгі принциптеріне сипаттама жасай алуды; педагог-психолог қызметінің жұмыс бағыттарын ажыратса алуды; мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында туындайтын оқу-тәрбиелік міндеттерді кәсіби деңгейде шешу қабілеттерін мңгереді.	5	8	Педагогикалық шеберлік	ҚА
	Білім беру үрдісіндегі педагог-психологтың әрекеті	Білім алушылар білім беру үрдісіндегі педагог-психологтың әрекетіне еркін түрде талдау жасауды; мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық әрекшеліктеріне тарихи шолу жасай алуды; балатұлғасының танымдық сферасын диагностикалау әрекшеліктеріне ғылыми-әдістемелік тұрғыда түсінік беруді; мектепке дейінгі мекемеде педагог-психологтың психодиагностикалық мәліметтерді жинақтаудың әдіснамалық негізін жүзеге асырудың тиімді жолдарын мңгереді.			Педагогикалық шеберлік	ҚА
10	Балабақшадағы STEAM технологиясы	Бұл курс болашақ педагог-тәрбиешілер робототехника, модельдеу және дизайн элементтері арқылы мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру практикасына STEM білім беруді енгізуіндең жолдарын мңгереді. Курстан қашықтағы технологияларды қолдана отырып, шағын жобаларды әзірлеуге дағдыланады. Пән студенттердің мектеп жасына дейінгі балалардың конструктивті қызметі мен техникалық шығармашылық дағыларын дамытуға қажетті кәсіби дағыларын қалыптастырады.	6	8	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар	ҚА

	Мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименттік жұмысқа баулу әдістемесі	Білім алушы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық және өнертапқыштыққа қабілеттерін дамытуға бағытталған заманауи технологиялардың түрлерімен танысып, роботты техника құрастыра білуге эксперименттік және шығармашылық қызмет түрлерін іске асыруға машықтанады. Мәселеге сини көзқарас таныта алуды; нақты шешімдер ұсынуды, өзара қарым-қатынас орната білуді, амал-тәсілдерді шығармашылықпен қолдануға дағдыланады.			Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесі Мектепке дейінгі білім берудегі цифрлық технологиялар	ҚА
Кәсіптендіру пәндерциклі Таңдау бойынша компонент						
1	Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру әдістемесі	Бұл курстан балалардың психо-физиологиялық даму мүмкіндіктерін, заттық-дамытушы ортаны қалыптастырудың әдістемелік мәнін және ерекшелігін түсініп, теориялық білімдерін іске асыра алу тетіктерін менгереді. Эр жас кезеңінің ерекшеліктеріне сай балалардың дамуы мен тәрбиесіне қажетті заманауи дидактикалық материалдарды, жабдықтар мен мұліктерді қолдана алу машығын менгереді. Инклузивтік білім беруге жағдайлар жасауды қамтамасыз етіп, атқарылған жұмысына талдау жасай білуге дағдыланады.	5	8	Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент	ҚА
	Мектепке дейінгі ерте жаста пәндік-дамытушы орта құру әдістемесі	Студенттер балалар денсаулығын қорғау мен нығайтудың мүмкіндіктерін, балалар дамуындағы жетіспеушіліктерді түзету жолдарын, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды, әртүрлі топтарда заттық ортаны жобалаудың үлгісін, заттық ортаны жобалауды әдістемелік түрғыда бағдарлау жолдарын менгереді. Элеуметтік маңызы бар мәселелерді теренірек ұғынып, өз беттерінше пайымдаулар жасай алу құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпалын тигізетін тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдану дағдысын игереді.			Мектепке дейінгі педагогика Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент	ҚА
2	Педагогикалық-психологиялық диагностика	Бұл пәннен диагностика, психологиялық-педагогикалық диагностика ұғымдарының ерекшеліктерін түсініп, салыстырмалы талдау жасай алу дағдыларын менгереді.	5	8	Педагогика Мектепке дейінгі педагогика	ҚА

		<p>Педагогикалық және психологиялық диагностиканың даму тарихымен танысады. Диагностикалық әдістер: байқау, психологиялық-педагогикалық эксперимент, ауызша сауалнама, жазбаша сауалнама, сараптамалық бағалау әдістерімен танысып, мазмұнды талдау әдістерін іске асыруға машықтанады. Диагностикалық зерттеуде балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды жүзеге асырудың жолдарын игереді. Психологиялық-педагогикалық өлшемдерді бағалау критерийлерін тәжірибеде қолдана алу мүмкіндіктері қалыптасады.</p>			
Балаларды диагностикалау әдістері		<p>Бұл курстан студенттер мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының педагогикалық диагностикасының мақсат-міндеттерін, ерекшеліктерін, негізгі ұстанымдарын сараптай алуды; мектеп жасына дейінгі балалардың құзырлылығын бағалау өлшемдеріне ғылыми-әдістемелік түрғыда талдау жасады; диагностикалық зерттеулер күрылымы, оку-тәнімдік іс-әрекеттің бағалануын үйімдастыру әдістемесін практикалық іс-әрекет түрғысында сипаттауды; мектеп жасына дейінгі балалардың түйсігіне жүргізілетін психодиагностикалық жаңа тәсілдемелерді оку үдерісінде жүзеге асыру құзіреттіліктерін менгереді.</p>	Педагогика Мектепке дейінгі педагогика	ҚА	

Кәсіптік пәндер циклі

ЖОО компоненті

1	Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру	<p>Мектеп жасына дейінгі балалардың дene және ақыл ой дамуының бұзылуына сипаттама беруді; инклюзивтік білім беру жөніндегі құзіретті кадрларды дайындау мәселерін талдауды; дамуында ақаулары бар балаларды оқыту әдістерін менгереді. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың отбасыларымен жасалатын өзара жұмыс түрлерін жүзеге асырудың жолдарын менгеріп, балалардың даму динамикасын талдауға машықтанады.</p>	5	5	Педагогика Педагогикалық психология	Арт-терапия практикумы
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін	<p>Бұл курста балалардың сөздерді және сөйлемдерді грамматикалық формада дұрыс байланыстыра алуын</p>	6	5	Мектепке дейінгі педагогика	Саят ашу әдістемесі

	дамыту әдістемесі	сипаттай алушы; олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қолданылатын жаңашыл әдістерді саралай білуді; бала тілін дамытуда, ауызекі сөйлеуге үйрету әдістемесіне талдау жасауды; сондай-ақ, мәтіндермен жұмыс жасауда тиімді әдістерді қолдана білуді; сөйлемнің күрылымына сини талдау жүргізуі менгереді.				
3	Заманауи білім беру технологиялары	Білім алушы оқыту мен оқудағы жаңа технологияларды сипаттай алушы; тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқуды сини талдай білуді; оқыту мен оқудағы сандық ресурстарды қолдана білуді; бағалаудың негізгі мақсаттары мен өлшемдерін анықтай алушы; жоспарлау жүйесінің мазмұнын саралай білуді; өзара іс-әрекеттегі жұмыс түрлерін бағалай алушы менгереді.	5	6	Педагогика Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Өндірістік тәжірибе Балабақшадағы STEAM технологиясы
4	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық шеберлігі	Педагогикалық шеберлік және оның әлеуметтік мәнін анықтайды; мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық шеберлігі мен маңыздылығын саралайды; Тәрбиешінің шеберлігі бала тәрбиесінің занылышын білу: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге машықтанады. Тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, ұжыммен, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігін, әдептілігін, мектепке дейінгі білім беру жүйесін басқарудағы педагогикалық біліктілікті менгереді.	5	6	Педагогика	Өндірістік тәжірибе
5	Мектепке дейінгі білім берудегі цифровық технологиялар	Заманауи цифровық технологиялар және оларды мектепке дейінгі білім беруде қолданудың жолдарын менгереді. Мультимедиялық технологияларды, білім берудегі 3D-технологияларды және жасанды интелекті қолдана біледі; сапалы цифровық білім беру ресурстарын әзірлеуді, мектепке дейінгі білім беру процесінде цифровық білім беру ресурстарын пайдалану мен оқыту нәтижелерін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын цифрандыруға дағыланады.	5	6	Педагогика Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	Өндірістік тәжірибе
6	Педагогикалық тәжірибе	Аталған тәжірибе барысында білім алушылар тәрбиелердің кәсіби құзіреттіліктерін саралай білуді; тәжірибе барысында ұйымдастырылған оқу қызметін	6	6	Педагогикалық кәсіпке кіріспе Мектепке дейінгі	Өндірістік тәжірибе

		инновациялық тұрғыда ұйымдастыра алуды; перспективалық жоспар бойынша өткізетін оқу қызметінің тақырыптарын таңдай білу машиғын; бес білім беру саласы бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму индикаторларын бағалау дағдыларын менгереді.			ұйымдағы тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	
7	Дипломалды тәжірибе	Теория жүзінде алынған білімдері мен дағдыларын жүзеге асырады. Таңдалған тақырыбы бойынша зерттеулерді практика жүзінде тексеруден өткізді. Дипломдық жұмысты орындауға қажетті инструктивтік әдістемелік материалдарды саралайды. Деректерді өндеп, қорытындыларды талқылайды және сараптайды. Диплом жұмысының аяқталу кезіндегі жұмыстарды жүзеге асырады.	2	8	Өндірістік тәжірибе	ҚА
8	Өндірістік тәжірибе	Білім алушы мектепке дейінгі ұйымды басқару жөніндегі білімін жетілдіруді; теориялық білімдерін шығармашылықпен қолдану біліктілігін бекітуді; тәрбиешінің қызметін іске асыруға қажетті біліктіліктер мен дағдыларды іс жүзінде қолдана білуді; тәрбиеші өткізген әдістемелік консультациялар, семинарлар, семинар-практикумдарға бақылау жүргізе білуді; оқытудың заманауи стратегияларын сыни талдай алуды; инновациялық білім беру технологияларын саралай білуді менгереді.	10	7	Педагогика	ҚА

**4.3 «6B01202-Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог» білім берубағдарламасының модульдері бойынша мемлекеттік несиелер көлемінің жиынтық кестесі**

Оқу курсы	Семестр	Мемлекеттік пәндер саны	Оқылатын пәндердін саны			Теориялық оқу	Оқу тәжірибесі	Кредит саны						Саны		
			МК	ЖК	TK			Қосымша оқу түрі						Барлығы кредит	Емтихан	Сынақ
1	1	7	5	2	-	30	Оқу тәжірибесі	Оқу-тәнису тәжірибесі	Педагогикалық-психологиялық тәжірибе	Педагогикалық тәжірибе	Өндірістік тәжірибе	Дипломалды тәжірибе	Корытынды бакылау	Барлығы кредит	Емтихан	Сынақ
	2	8	5	3	-	29										
2	3	8	2	4	2	29	2	2	6	15	2	8	41	47	4	
	4	7	1	4	2	29										
3	5	6	-	3	3	30	2	2	6	15	2	8	41	47	4	
	6	6	-	4	2	25										
4	7	1	-	1	-	-	15	15	6	15	2	8	41	47	4	
	8	8	-	4	4	31										
<b>Барлығы</b>		<b>51</b>	<b>13</b>	<b>25</b>	<b>13</b>	<b>203</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>2</b>	<b>6</b>	<b>15</b>	<b>2</b>	<b>8</b>	<b>240</b>	<b>47</b>	<b>4</b>

## 5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды мемлекеттік аттестация** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

**Бағалау жүйесінің кестесі**

<b>Әріптік жүйе бойынша баға</b>	<b>Балдардың сандық баламасы</b>	<b>Пайыздық мазмұны</b>	<b>Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау</b>	<b>ECTS бойынша баға</b>	<b>Анықтамасы</b>		
A	4,0	95-100	Өтежақсы	A	Үздіккөрсеткіштер, үздікбілім мен дағдылар		
A-	3,67	90-94					
B+	3,33	85-89	Жақсы	B	Жоғары көрсеткіштер, жақсыбілім мен дағдылар		
B	3,0	80-84	Жақсы		Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер		
B-	2,67	75-79					
C+	2,33	70-74	Жақсы	C	Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер		
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық				
C-	1,67	60-64					
D+	1,33	55-59					
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық	D	Білім мен дағдылар ең тәменгі өлшемдерді қанағаттандырады		
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз		Білім мен дағдылар ең тәменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды		

## **1 ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ**

**Цикл программы:** Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК / ОСК

**Присуждаемая степень:** Бакалавр образования

**Общий объем кредитов:** 240 академических кредитов / 240 ECTS

**Срок обучения:** дневная форма обучения-4 года на основе среднего образования, дистанционная форма обучения- 3 года на основе ТиПО, 2 года на основе высшего образования

### **1.1. ОБЩИЕ ПРАВИЛА**

Образовательная программа 6B01202 – Воспитатель дошкольного учреждения и педагог-психолог высшего образования разработана в соответствии склассификатором подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием, Национальной рамке квалификации, Отраслевой квалификационной рамке,профессиональным стандартам «Педагог», Дублинскими дескрипторами.

Требования по приему обучающихсяна образовательную программу определены Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования РК.

Абитуриенты, поступающие на образовательную программу, сдают Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Возможность дальнейшего продолжения обучения — магистратура по направлению 7M01201 – «Педагогика дошкольного воспитания и обучения»

